

ӘОЖ 37.018.43

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕП
ОРТАСЫНА БЕЙІМДЕЛУІН ҚОЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ*****Акилбаева Г.И.***

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Жұмаділда М.Д.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
4-курс студенті, Шымкент қ., Қазақстан

Нуриддинова З.М.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
4-курс студенті, Шымкент қ., Қазақстан

Бұл мақалада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектеп ортасына бейімделуін қолдау технологияларының ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілері қарастырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың әлеуметтік, психологиялық және оқу бейімделуін қамтамасыз ету педагогикалық үдерістің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Зерттеу барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектеп ортасына бейімделу үдерісінде туындайтын негізгі қиындықтар жүйеленіп, оларды еңсеруге бағытталған педагогикалық сүйемелдеу технологияларының мазмұны талданады. Мақаланың практикалық маңыздылығы ұсынылған технологияларды инклюзивті білім беру тәжірибесінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Кілт сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мектеп ортасына бейімделу, инклюзивті білім беру, педагогикалық қолдау, қолдау технологиялары, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

Қазіргі қоғамның заманауи дамуы кезеңінде бір жағынан алып қарағанда кіріктіруге бағытталған (техникалық және технологиялық жүйелердің, ақпараттық-коммуникативтік құралдардың дамуы), екінші жағынан қарағанда адамзаттың дербестікке ұмтылып қоғамнан оқшаулана бастауы анық байқалатын, жалпы әлеуметтік өмірдің қарама-қайшылықтарға толы динамизмі нақты көрініс беріп отыр [1;36.].

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатында, олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере

отырып түзете дамыту сабақтары өткізіледі. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың бойындағы кемшіліктерді түзету, жан- жақты жүргізілетін оқу- тәрбие жұмысының нәтижесінде оқушыларды қоғамдық өмірге бейімдеу, сонымен қатар зейінін қалыптастыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін және тілдерін дамыту, яғни танымдық қызметін дамытуда оқытушылар және арнайы маман иелері (дефектолог, логопед, психолог т.б) түрлі заманауи технологияларды қолданып келеді [2].

Инклюзивті тәжірибе жағдайындағы білім беру процесінің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау оның әрекетін үйлестірусіз жүзеге асырылмайды. Қызмет әрекетін үйлестіруші осындай орган Психологиялықмедициналық-педагогикалық (ПМП) консилиум болып табылады. ПМП консилиум – негізгі идеясы балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне, өзекті даму деңгейіне, соматикалық және жүйке-психикалық денсаулық жағдайына сәйкес балалар өмірінің тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық қолдаудың тұтас жүйесін құру болып табылатын тұрақты әрекет ететін, үйлестірілген, ортақ мақсатпен біріктірілген, қолдау стратегиясын жүзеге асыратын мамандардың ұжымы [1;18б.].

Зерттеудің мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектеп ортасына бейімделуін қолдау технологияларын жүйелі түрде талдау және олардың педагогикалық тәжірибедегі тиімділігін көрсету. Бұл мақала педагогтерге, дефектологтар мен психолог мамандарға әдістемелік көмек ретінде ұсынылады және инклюзивті сыныптарда бейімделу процесін жетілдіруге бағытталған.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар – танымдық, сөйлеу, психологиялық немесе әлеуметтік дамуда белгілі бір ерекшеліктері бар білім алушылар. Естімейтіндерге арналған мектепте білім алушылар қарым-қатынас жасау дағдыларын толық меңгеруін қамтамасыз ететін арнайы жағдайлар:

1) білім алушылардың сапалы біліміне және жеке дамуына ықпал ететін іскерлік және эмоционалды ыңғайлы орта құру, білім алушылардың әртүрлі білім беру және сыныптан тыс іс-шараларға белсенді араласуы, олардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейту, ересектер мен құрдастарымен, соның ішінде қалыпты есту қабілеті бар адамдармен өзара қарым-қатынас жасауы;

2) қарым-қатынас саласын ұлғайту мақсатында білім беру ұйымының білім кеңістігін кезең-кезеңмен кеңейту;

3) естімейтін білім алушылардың бастамасын, байланыс үрдісінде белсенділігін, оның ішінде әртүрлі (қол жетімді) қызметке қатысуына жағдай жасау;

4) ақпаратты қабылдау мен өңдеудің ерекшеліктерін, жетістіктерді оқыту мен бағалауды ұйымдастыруда оқу материалын меңгеруді ескеру;

5) білім алушы мен оның әлеуметтік-мәдени ортасы туралы жағдайды түсінудің үзінді және бірқалыпты болуының алдын алу;

6) білім алушыларға жеке өмірлік тәжірибені, соның ішінде алған әсерлерін, бақылауларын, іс-әрекеттерін, естеліктерін болашақ туралы ойларын түсінуде, тәртіпке келтіруде, дифференциациялау және ауызша сөйлеу тілі арқылы жеткізуге арнайы көмек көрсету;

7) адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсінуді дамыту, оқиғаларды, әрекеттерді, олардың себептерін, көңіл-күйлерін түсінуде арнайы көмек көрсету;

8) арнайы педагогикалық тұрғыдан қалыптасқан есту арқылы ауызша сөйлеуді мақсатты және жүйелі түрде оқыту, ауызша сөйлеуді білім алушылардың қарым-қатынас жағдайларының бүкіл ауқымында (сұрақ қою, келіссөздер жүргізу, пікір білдіру, ой мен сезімін талқылау, өтініштің мағынасын анықтау және түсіндіру) қолдану қабілетін дамыту, дыбыс күшейту аппараттарының әр түрлі түрлерін қолдану;

9) қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік бейімделу мен қоғамға интеграцияны дамыту қажеттілігін есепке ала отырып, қарым-қатынас үрдісі барысында қол-қимыл әрекеттерін және дактильді әліпбиді көмек құралы ретінде қолдану;

10) білім алушылардың қарым-қатынастың жай-күйі мен міндеттерін ескере отырып, өздерінің танымдық, әлеуметтік-мәдени және қарым-қатынас қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында ауызша және ауызша емес сөйлесу құралдарының, сондай-ақ қарым-қатынас орнатудағы тиесілі жағдайларына байланыс құралдарын пайдалану;

11) сөйлеу тілін естіп қабылдауын ауызша сөйлеу тілін естіп көру арықыл қабылдауын және дыбыс айтылуын қалыптастыру және дамыту бойынша жүйелі арнайы (түзету) жұмысы. ық және психологиялық қолдау ерекше маңызды [4].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектепке бейімделуін қолдауда педагогикалық технологиялардың кешенді қолданылуы тиімді. Олар баланың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуын жетілдіруге бағытталған және келесі тәсілдерді қамтиды:

Ойын – балалардың әлеуметтік және эмоционалдық бейімделуін қамтамасыз ететін тиімді әдіс. Арнайы ойынды сабаққа енгізу арқылы бала жаңа ортаға икемделіп, топтағы қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді. К.Д.Ушинский қоршаған ортаның балалар ойындарының мазмұнына әсерін атап өтті. Оның пікірінше, ойындар баланың болашақ өміріне із қалдырмай өтпейді және белгілі бір дәрежеде оның жеке басының, балалардың қиялының қалыптасуына ықпал етеді [6].

Арт-терапия - балада когнитивтік дағды қалыптастырады: назарды, жадыны және ойлау қабілетін дамытады; - әдеттегіден өзгеше ракурс арқылы өмірлік тәжірибесін жетілдіреді; - жаңа рольдерді меңгеріп, жеке тұлғаның беймәлім қырларын ашып, оны бақылауды үйренеді; өзін-өзі бағалауын көтереді [2].

А.И. Копытин: "Арт-терапия-бұл клиенттің визуалды қызметі мен психотерапиялық қатынастар аясында қолданылатын және әртүрлі физикалық кемістігі бар, эмоционалдық және психикалық ауытқулары бар адамдарды емдеу, психокоррекциялау, психопрофилактика, оңалту және оқыту мақсатында қолданылатын психологиялық әсер ету әдістерінің жиынтығы. және тәуекел топтарының өкілдері" [7].

Психологиялық қолдау - білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық денсаулығын қолдау және нығайту, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы психологиялық климат құру және оқу-тәрбие процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету [5]

Есту қабілеті бұзылған баланы әлеуметтендіруде ата-аналар ерекше рөл атқарады. Баланың қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін ата-аналар тәрбиеге белсенді қатысуы керек, яғни бала кезінен бастап баланы қолдап, онымен достық қарым-қатынас орнатудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға тырысуы керек. Егер ата-ана тәрбиеге қатыспаса және баланың дамуындағы бұзылысты қабылдаудан және оны түзетуден бас тартса, онда бірте-бірте бала жабылып, алыстап кетеді, ол өз әлемінде өмір сүріп жатқандай әсер қалдырады. Ата-аналар баламен айналысатынын, оны сөйлеуге, тыңдауға, басқалардың сөздерін түсінуге үйретуі тиіс. Ал егер уақыт өте келе баланың сөз жинаудағы, жазудағы, оқудағы, суреттегі, қолдан жасалған, бидегі немесе дене жаттығуларын меңгерудегі жетістіктерін көрсететін болса, оң нәтиже әсер әсерін тигізбейді [3;20 б.].

Жалпы, Қазақстан бойынша инклюзивті білім берудің орын алып отырған үлгілеріне, сонымен қатар инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарындағы және эксперименттік алаңшалардағы қызметке жүргізілген талдау республикамыздағы инклюзивті білім берудің келешектегі дамуы үшін келесідей ережелерді анықтауға мүмкіндік берді:

- Жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде Білім басқарламаларының қызметіндегі жүйелілік және мақсатқа бағынушылық;
- Елде инклюзивті білім берудің жергілікті енгізілуіне және дамуына ықпалын итгізетін ресурстық орталықтардың құрылуы, оларды ақпараттық, ғылыми-педагогикалық, материалды-техникалық және өзге ресурстарын үйлестіру және интеграциялау;
- ерекше білімділік қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру үдерісіне қарқынды қосылуын қамтамасыз ететін механизмдерді жетілдіру;
- ерекше білімділік қажеттіліктері бар, үйде білім алатын балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудағы тәжірибені инклюзивті білім берудің бір үлгісі ретінде зерделеу;
- инклюзивті білім берудегі терминологияны жетілдіру.

Есту қабілеті бұзылған балалардың жеке басы мен танымдық белсенділігінің дамуы есту қабілеті бар балалардың дамуынан өзгеше және

өзіндік психологиялық ерекшеліктері бар, оларды қоғамға әлеуметтік интеграция кезінде де ескеру қажет. Белгілі бір жағдайларды ескере отырып, есту қабілеті бұзылған балалар қоғамның толыққанды мүшелеріне айналады. Ең бастысы - оларға қиындықтарды жеңуге көмектесу.

Қорытындылай келе, зерттеуіміз көрсеткендей ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мектеп ортасына бейімделуін қолдау технологиялары олардың оқу процесіне сәтті кірігуіне маңызды әсер етеді. Жұмыс барысында әлеуметтік, психологиялық және оқу бейімделу түрлерінің ерекшеліктері анықталды. Әлеуметтік бейімделу балалардың сыныптағы қарым-қатынас дағдылары мен достар табу қабілетіне байланысты болса, психологиялық бейімделу эмоционалды тұрақтылық, стресті басқару және өз-өзіне деген сенімділікті қамтиды. Оқу бейімделу болса, баланың оқу материалын меңгеру деңгейі мен оқу мотивациясын көрсетеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана: 2016. <https://share.google/W8u7dGjmy9o2Wnk6J>
2. № 19 жалпы орта білім беретін мектебі. - Уральск: 2018. Мустафина Г.Қ. <https://multiurok.ru/files/erekshe-bilimdi-kazhet-etetin-balalardy-okytuda-za.html>
3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы: 2022. <https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home/issue/download/3/1>
4. «Ауызекі және тұрмыстық сөйлеу тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, 2018 жылы. <https://special-edu.kz/tipprog/up469/kz/1/1.10.pdf>
5. Абай атындағы ҚАЗҰПУ психологиялық қолдау қызметі туралы ереже, 2023 жылы. https://abaiuniversity.edu.kz/docs/docs/412024_pol_kaz.pdf
6. Интернет желісінен алынған: https://translated.turbopages.org/proxy_u/ru-kk.ru.
7. Понятие и сущность арт-терапии, Костылева Виолетта Александровна, 2024. <https://moluch.ru/conf/stud/archive/527/18787>

ТЕХНОЛОГИИ ПОДДЕРЖКИ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ К ШКОЛЬНОЙ СРЕДЕ

Акилбаева Г.И., Жұмаділда М.Д., Нуриддинова З.М.

В статье рассматриваются научно-теоретические и методические аспекты технологий поддержки адаптации детей с особыми образовательными потребностями к школьной среде. В условиях инклюзивного образования обеспечение социальной, психологической и учебной адаптации

обучающихся является одной из актуальных проблем педагогического процесса. В ходе исследования систематизированы основные трудности, возникающие у детей с особыми образовательными потребностями в процессе адаптации к школьной среде, а также проанализировано содержание педагогических технологий сопровождения, направленных на их преодоление. Практическая значимость статьи определяется возможностью применения предложенных технологий в практике инклюзивного образования.

Ключевые слова: Дети с особыми образовательными потребностями, адаптация к школьной среде, инклюзивное образование, педагогическая поддержка, технологии поддержки, психолого-педагогическое сопровождение.

TECHNOLOGIES FOR SUPPORTING THE ADAPTATION OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS TO THE SCHOOL ENVIRONMENT

Akilbayeva G. I., Zhumadilda M. D., Nuriddinova Z. M.

The article examines the scientific-theoretical and methodological aspects of technologies for supporting the adaptation of children with special educational needs to the school environment. In the context of inclusive education, ensuring the social, psychological, and academic adaptation of learners is one of the key issues of the educational process. The study systematizes the main difficulties faced by children with special educational needs during their adaptation to the school environment and analyzes the content of pedagogical support technologies aimed at overcoming these challenges. The practical significance of the article lies in the possibility of applying the proposed technologies in inclusive education practice.

Keywords: children with special educational needs, adaptation to the school environment, inclusive education, pedagogical support, support technologies, psychological and pedagogical support.

References

1. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Y. Altynsarin National Academy of Education. – Astana, 2016. Available at: <https://share.google/W8u7dGjmy9o2Wnk6J>
2. Secondary School No. 19. – Uralsk, 2018. Mustafina, G. Q. Teaching Children with Special Educational Needs. Available at: <https://multiurok.ru/files/erekshe-bilimdi-kazhet-etetin-balalardy-okytuda-za.html>

3. Abai Kazakh National Pedagogical University. – Almaty, 2022. Available at: <https://bulletin-special-pedagogy-kaznpu.kz/index.php/home/issue/download/3/1>
4. Model Curriculum with Updated Content for the Subject “Oral and Everyday Speech.” – 2018. Available at: <https://special-edu.kz/tipprog/up469/kz/1/1.10.pdf>
5. Regulation on the Psychological Support Service of Abai Kazakh National Pedagogical University. – 2023. Available at: https://abaiuniversity.edu.kz/docs/docs/412024_pol_kaz.pdf
6. Internet source: https://translated.turbopages.org/proxy_u/ru-kk.ru
7. Kostyleva, V. A. The Concept and Essence of Art Therapy. – 2024. Available at: <https://moluch.ru/conf/stud/archive/527/18787>